

«Балдәурен» МДҰ

Балаға қандай ойыншықтар сатып әперуге болады?

*(Ойыншыққа қойылатын медициналық,
педагогикалық талаптар)*

Өткізген: Мұхышева Н.М

2024-2025 оқу жылы

Ойыншықты сатып аларда міндетті түрде баланың көзқарасын есепке алу керек. Автомат немесе жартылай автомат ойыншықтар жарамайды. Балаға керек ойыншықтар, олардың жан дүниесін аша алуы тиіс болу керек.

1-2 жастағы балаларға арналған ойыншықтар. Олар пластмассалық пирамидалар. Осы ойыншық арқылы балалар ойлау қабілетін дамытады.

3-4 жастағы балалардың ойыншықтарды әр- түрлі болып келеді. Олар конструкторды жинайды. Бұл жастығы балалар шын өмірден алынған сюжеттерді ойнайды. Мысалы: әке-ана, қыз-ана т.б.

5-6 жастағы ойын орындарынан төсек орындары мен шкафтарға аусады. Бұл жастағы балаларды ойлау, қиялдау қабілеті жақсы дамиды. Өз қолдарымен жасаған ойыншықтарды сүйеді. Бала өзін мектепке дайындайды.

Есте сақтыңыз, ойыншықты ауыстыру қажет, себебі бір ойыншықтан бала жалығуы мүмкін. Ескі ойыншықты алып тастап, уақыт өткеннен кейін қайта шығарсаңыз, баланың қызығушылығы қайта ояныды.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 30 шілдедегі
№ 577 бұйрығымен бекітілген

«Балалар ойындары мен ойыншықтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Балалар ойындары мен ойыншықтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитариялық ереже) қызметі балалар ойындары мен ойыншықтарын шығаруға және өткізуге байланысты жеке және заңды тұлғаларға арналған.

Санитариялық ереже мыналарға: пиротехникалық ойыншықтарға, ұратын капсулалары бар (балалар ойынына арналған пистондарды қоспағанда) фейерверктерге, шырша әшекейлеріне, іштен жану қозғалтқышы бар ойыншықтарға, ересектерге арналған сувенир бұйымдарға, бас қатырғыштарға, пневматикалық мылтықтар мен тапаншаларға, тас атқыштар мен катапульттерге, метал ұштығы бар лақтыруға арналған жебелерге, ертоқымы жерден 635 миллиметр (бұдан әрі - мм) биіктіктегі велосипедтерге, балаларға арналған әшекейлерге, желіден қуаттанатын ойыншықтарға қолданылмайды.

2. Жеке және заңды тұлғалар осы санитариялық ереженің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Осы санитариялық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

- 1) балалар ойындары мен ойыншықтары - табиғи және полимер материалдардан дайындалған балалар ассортименти тауарлары;
- 2) балл - ойыншық иісінің деңгейін сипаттайтын бірлік;
- 3) көшу қабілеті - ойыншық бетінен бастапқы шикізаттың рецептурасына кіретін химиялық заттардың бөліну мүмкіндігі;
- 4) пайдаланудың үлгіленген жағдайлары - табиғи жағдайға жақын, жасанды жасалған микроклиматтық жағдайлар;
- 5) табиғи материалдар - балалар ойындары мен ойыншықтарын дайындауға пайдаланылатын шығу тегі өсімдіктер, табиғат және жануарлар болатын материалдар;
- 6) сіңіру қабілеті - балалар кітаптарындағы баспа бояуының бекітілу бекемдігі дәрежесінің көрсеткіші;
- 7) синтетикалық (полимер) материалдар - таскөмір, мұнай және табиғи газды қайта өңдеу өнімдері болып табылатын синтетикалық жоғары молекулярлық қосындылардан алынатын материалдар.

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2024-2025 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі , орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысқаны: 2

Күні: 13.11.2024 ж

Қатыспағаны:

«Балаға қандай ойыншықтар сатып әперуге болады?», Ойыншыққа қойылатын медициналық педагогикалық талаптар қандай?

Тындалды:

«Балдәурен» МДҰ әдіскері М.Қ Сағынбаева сөз алды:

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі «Балдәурен» МДҰ –да өткелі отырған кезекті консультациялық пункт отырысына қош келдіңіздер! Бүгін сіздермен «Балаға қандай ойыншықтар сатып әперуге болады?» Ойыншыққа қойылатын медициналық талаптар қандай? деген тақырыпта дөңгелек үстел өткіземіз.

«Балдәурен» МДҰ медбикесі Мухышева Н.м сөз алды:

Сәлеметсіз бе! Бүгінгі «Балдәурен» МДҰ – да кезекті консультациялық пункттің «Балаға қандай ойыншықтар сатып әперуге болады?» Ойыншыққа қойылатын медициналық педагогикалық талаптар қандай? деген тақырыпта дөңгелек үстел өтеді. Қош келдіңіздер!

Қазір өздеріңіз білесіздер балаға қызықты неше түрлі ойыншықтар шығып жатыр. Ойыншықты сатып аларда міндетті түрде баланың көзқарасын есепке алу керек. Автомат немесе жартылай автомат ойыншықтар жарамайды. Балаға керек ойыншықтар, олардың жан дүниесін аша алуы тиіс болу керек. Есте сақтаңыз , ойыншықты ауыстыру қажет, себебі бір ойыншықтан бала жалығуы мүмкін. Ескі ойыншықты алып тастап, уақыт өткеннен кейін қайта шығарсаңыз, баланың қызығушылығы қайта оянады. Балабақшада 1-2 жастағы балаларға арналған ойыншықтар. Олар пластмассалық пирамидалар. Осы ойыншық арқылы балалар ойлау қабілеттің дамытады. 3-4 жастағы балалардың ойыншықтарды әр-түрлі болып келеді. Олар конструкторды жинайды. Бұл жастағы балалар шын өмірден алынған сюжеттерді ойнайды. Ал 5-6 жастағы ойын орындарынан төсек орындары мен шкафтарға ауысады. Бұл жастағы балаларды ойлау, қиялдау қабілеті жақсы дамиды. Өз қолдарымен жасаған ойыншықтарды сүйеді. Бала өзін мектепке дайындайды..

Ауыл тұрғыны Аубакирова Рысгүл сөз алды:

Бүгінгі «Балдәурен» МДҰ да өткізілген кезекті дөңгелек үстелде қандай ойыншықтарды балаға алуға болады? Қандай ойыншықтарды алуға болмайды сол турылы түсінік алдық. Мен үйде балама ойыншық алар кезде ең алдымен қауіпсіз және психологиялық жағына зиян келтірмейтін ойыншық түрлерін алуға тырысамын.

«Балдәурен» МДҰ

басшысының м.у.а:



Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:



М.Қ.Сағынбаева



